

## Маңғыстау ауданының Отпан ауылдық округін құру туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы N 2/16 шешімі, Маңғыстау облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 5 қазандағы N 327-1 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 31 қазанда N 1982 тіркелді

**Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша: «селолық» деген сөз «ауылдық» сөзбен ауыстырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 21.05.2015 № 148 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 21.05.2015 № 25/390 бірлескен қаулысымен және шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .**

Маңғыстау аудандық мәслихаты мен Маңғыстау ауданы әкімдігінің Маңғыстау ауданының Отпан ауылдық округін құру туралы ұсынысын қарай келіп, " Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТТІ:**

1. Маңғыстау ауданының Жыңғылды селолық округінен Тұщыбек, 15-Бекет елді мекендері шекарасында бөлініп, орталығы Тұщыбек елді мекені болатын Отпан ауылдық округі құрылсын.

2. Осы шешім мен қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Молдағұлов*

*хатшысы*

*Облыс әкімі*

*Қ. Көшербаев*

*Б. Шелпеков*

*О б л ы с т ы қ*

*м ә с л и х а т*